

**2023 ЖЫЛЫ 30-06 ҚАРАША АЙЫНДА
СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА ДІН САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-
ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМАНЫҢ
АҚПАРАТЫ**

Тараз 2023 жыл.

**2023 жылы 30-06 қараша айында
студенттер арасында дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары
бойынша жүргізілген сауалнаманың
АҚПАРАТЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2023 жылы наурыз айында мемлекеттік органдар басшылары, облыстар әкімдерімен кездесу барысында «...өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Шын мәнінде, бұл – өте маңызды мәселе. Оны бетімен жіберсек, ұлттық салт-санамыздан айырылып қалуымыз мүмкін. Әкімдерге құзырлы органдармен бірлесіп, дін саласындағы жұмысты жандандыруды тапсырамын...» - деп дін саласындағы жұмыстарды жүйелі түрде орындау және оған жауапкершілікпен қарау мәселесін айтып өтті. Осыған орай, 2023 жылдың 30-06 қараша аралығында әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Қ.Алпысбаев жұмыс жоспарға сәйкес, институт және факультет студенттері арасында «Жастар және дін» тақырыбында сауалнама жүргізді. Сауалнама «google.forms» бағдарлама арқылы онлайн түрде алынды. Қазақ және орыс тілінде 13 сұрақ қамтылды. Университетте бакалавр күндізгі бөлімде 11911 студенттер білім алады. Ал сауалнамаға жалпы қатысқан – **1607** студент. Демек, қатысқан студенттердің жалпы көрсеткіші – 13,4 % пайызын құрайды. Институт және факультет бойынша көрсеткіш:

1. «Технологиялық» факультеті – **358** (22,4%);
2. «Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институты – 316 (19,8%);
3. «Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар» факультеті – 296 (18,5%);
4. «Өнер және спорт» факультеті – 239 (15%);
5. «Ұстаз» институты – 218 (13,7%);
6. «Экономика және құқық» факультеті – 99 (6,2%);
7. «Ақпараттық технологиялар» факультеті – 70 (4,4%) студент қатысты. *(Технология факультетіне қосылып кеткен)*

Курс бойынша көрсеткіш: 1-курс – **845**, 2-курс – 414, 3-курс – 211, 4-курс – 129 және 5-курс - 8.

Ұлт бойынша көрсеткіш: қазақ – **1463**, орыс – 50, өзбек – 23, күрд – 6, татар – 8, әзербайжан – 6, түрік – 3, қырғыз – 4, қарашай -1, корей – 12, грек – 2, дүнген – 6, балқар – 2, тәжік – 1, моңғол – 3, болгар -1, шешен -1, литвалық – 1,

Жынысы бойынша көрсеткіш: қыз бала – **1079**, ер бала – 528. Оқу түрі көрсеткіші: қазақ тілінде – **1394**, орыс тілінде – 195 және ағылшын тілінде – 14.

Сауалнаманың алғашқы сұрағы «**1. Сіз өзіңізді қандай адамдарға жатқызасыз?**» деген сауал бойынша **1080** респондент «сенушілерге» деп белгілеген. 220 – «жауап бере алмаймын», 157 – «сенім мен сенімсіздік арасындағы ауытқуларға», 125 – «сенбейтіндерге» деп жауап берген. Демек, студенттердің көпшілігі өздерің Құдайға сенуші ретінде көрсетіп отыр. Кез-келген адамның өзінің жеке ұстанымы ретінде Құдайға сену, дінді ұстану немесе сенбеу, ұстанбау әркімнің өз еркінде болып табылады. ҚР Конституцияның 14-бабында: Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы айтылған.

«**2. Сіз қай дінді/конфессияны ұстанасыз?**» деген сұраққа байланысты респонденттердің көпшілігі **1481** – «ислам» деп белгілеген. 67 – «ешқандай дінді ұстанбаймын», 36 – «христиан», 14 – «православ», 4 – «тәңіршілдік», 4 – «буддизм», 1 – «католик» деп жауап берген. Қазақстан Республикасында 18.2 млн халық саны бар. Оның ішінде әртүрлі дін және этнос өкілдері бейбіт өмір сүріп келеді. Халықтың басым көпшілігі мұсылмандар 63%, православ христиандар 33%, католик христиандар 2%, және басқалар 1%. Бұл деректер тіркеуден өткен діни бірлестіктер туралы мемлекеттік мәлімет болып табылады.

«3. Егер сіз мұсылман болсаңыз, Исламдағы қай бағыт сізге жақын екенін айта аласыз ба?» деген сұраққа байланысты респонденттердің көпшілігі **1108** – «сүннит (Ханафи мазхабы) деп белгілеген. 108 – «таблиғи жамағат», 76 – әртүрлі өз пікірлерін жазған, 57 – «шиит», 32 – «сопылық», 21 – «уаххаби-сәләфилік» деп жауап берген. Берілген жауаптарға назар аударсақ, студенттердің көпшілігі Ислам дініндегі дәстүрлі бағыты болып табылатын Орта Азияға кеңінен таралған Ханафи мазхабын дұрыс деп белгілеген. Өкінішке орай, кейбір студенттер Қазақстанда 2013 жылы 26-ақпанда Астана қаласының Сарыарқа аудандық соттың шешімімен тыйым салынған «Таблиғи жамағат» діни ұйымын белгілеген. «Таблиғи жамағат» діни ұйымы Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан мемлекеттерінде экстремистік ұйым ретінде танылған. Аталған діни ұйымның идеологиясын, ұстанымын, діни сенім көзқарасын қолдауға заңға қайшы болып келеді. Сонымен қатар, еліміздегі Ханафи мазхабының ұстанымына қарама-қайшы болып келетін және ұлттық-дәстүрлі құндылықтарды жоққа шығаратын «уаххаби-сәләфилік» діни ұстанымды белгілеген студенттерде бар. Аталған ұстаным біздің қоғамда радикалдық діни идеология ретінде танылып, олардың діни сенімдерінде көптеген адасушылықтар бар. Институт және факультеттердің декандары, тәрбие жөніндегі декан орынбасарлары, кураторлар тарапынан осы мәселені назарға алып, студенттерге дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде дінтанушы мамандармен бірлесіп жүргізу қажет.

«4. Егер сіздің діни сезіміңізді ренжіткен болса, сіз қандай әрекет етесіз?» деген сұраққа байланысты студенттердің көпшілігі **644** – «мен ештеңе болмағандай кейіп танытамын» деп белгілеген. 539 – «құқық қорғау ұйымдарына жүгінемін», 213 – «көмек алу үшін діндар достарыма жүгінемін», 38 – «өз діни сезімді қорғау үшін қару алуға дайынмын», 24 – «сотқа жүгінемін», 8 – «елден көшіп кетуге тырысамын» және 32 – студент әртүрлі өз пікірлерін жазып өткен. *(білмеймін, сөзбен түсіндіріп көремін. Маған бәрібір. Алла сана берсін деп отыра берем. Постараюсь смягчить ситуацию, чтобы не произошло религиозного конфликта)* Бұл сұрақта кейбір студенттер «өз діни сезімді қорғау үшін қару алуға дайынмын» деп жауаптарын белгілегендігі алаңдатарлық жағдай болып тұр. Өйткені, мұның арты қоғамға қауіпті болып келуі немесе күтпеген жағдайда діни тұрғыда террорлық акт жасауына әкеліп соқтыруы мүмкін.

«5. Дулати университетінде діни жағдайды қалай сипаттайсыз?» деген сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі **1479** – «діни жағдай бір қалыпты, ешқандай қауіп жоқ» деп белгілеген. 52 – «жағдай тұрақты, бірақ болашақта нашарлауы мүмкін», 12 – «діни жағдай тұрақсыз, теріс тенденциялар артады», 11 – «жағдай қалың алдында тұр» деп өз жауаптарын белгіледі. Университеттің құрамында студенттерге бағыт-бағдар беру мақсатында Әлеуметтік жұмыс басқармасы жұмыс жасайды. Бұл басқарма әлеуметтік, тәрбиелік, жастар саясаты, дін мәселесінде бірқатар бағытта студенттермен кездесу жұмыстарын жасауда. Алайда, қоғамдағы діни жағдайды ескере отырып, жастар арасында дін экстремизм көріністерін алдын-алу бойынша түсіндіру жұмыстарын тоқтатпау керек. Егерде, студенттік топтарда дін мен дәстүр сабақтастығы, дін мен ғылымның байланысы, деструктивті діни ағымдардың қауіптілігі туралы түсіндірілмесе, онда студент жастардың бойында рухани иммунитет қалыптаспай деструктивті діни ағымдардың идеологиялық ықпалына тез ұшырайды.

«6. Дулати университетінде «Дінтану негіздері» немесе «Рухани сабақтастық» курсы оқытуды қажет деп ойлайсыз ба?» деген сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі **908** – «діни сауаттылық қалыптасады» деп белгілеген. 550 – «қажеті жоқ деп ойлаймын», 64 – «діни экстремизм көріністерін алдын алады», 22 – «деструктивті діни ағымдардан алыс болады» деп нақты өз жауаптарын көрсеткен. Сонымен қатар, кейбір студенттер өздерінің жеке пікірлерін жазғандарда бар. *(Возможно, но не так углубленно. Знать про разные религии все таки нужно, это тоже культурное просвещение. Возможно, но не так углубленно. Знать про разные религии все таки нужно, это тоже культурное просвещение, Лишняя нагрузка и трата кредитов, те кто интересуются религией сами могут прочитать о ней. Вводя обязательный курс по религиоведению можно ущемить*

чувства сторонников тех или иных конфессий, лучше держать нейтралитет и возможно обойтись одной лекцией про терроризм и деструктивные течения в религии)

«7. Сіз өзге дін өкілдеріне қалай қарайсыз?» деген сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі **887** – «оң» деп белгілеген. 466 – «бейтарап», 172 – «айта алмаймын», 64 – «теріс» деп жауап берген. Демек, студенттердің басым көпшілігі өзге дін өкілдеріне құрметпен қарайтындығын білдірген. Бұл ашық та толерантты қоғамның айқын белгісі болып табылады. Ал, діндегі толеранттылық дегеніміз өзге дін өкілдерімен жақсы қарым-қатынас жасау, жақсы мәміледе болу және оларға әділдік таныту ретінде қарастырылады.

«8. Өзіңізге қажетті діни ақпараттарды қайдан аласыз?» деген сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі **599** – «әлеуметтік желідегі діни парақшалардан» деп белгілеген. 443 – «мешіттегі имамнан, 186 – «дін жолындағы жүрген достарымнан», 78 – «діни жамағаттағы бауырлардан» және 176 – «айта алмаймын» деп жауап берген. Сонымен қатар, кейбір студенттер әртүрлі өз пікірлерін жазған. *(ата-аналарымна аламын, діни ақпараттарға қатты қызықпаймын, Со школы брала, и база есть. Но вникать в религию не буду)* Әлеуметтік желілерде көптеген тіркелген діни парақшалар бар. Кейбір діни парақшаларда астарлы түрде деструктивті діни ағымдардың экстремизмдік идеяны насихаттайтын жазбаларда бар. Студент жастар ол парақшалардың дұрыс-бұрыстығын ара-жігін ажырата алмайды. Сол үшін «фейсбук», «инстаграм», «телеграм» әлеуметтік желілерде ресми түрде тіркелген (Жамбыл облысы әкімдігінің дін істері басқармасы, Жамбыл облысы әкімдігінің дін проблемаларын зерттеу орталығы, облыстық «Һибатулла әт-Тарази орталық мешіті) діни парақшаларды қолданған дұрыс. Сонымен қатар, осы сұрақта алаңдатарлық жауаптардың бірі болып табылатын «діни жамағаттағы бауырлардан» деген жауап. Өйткені, деструктивті діни ағымдар қоғамнан бөлектеніп діни жамағат ретінде қалыптастып, өздерің бір-біріне араб тілінде «ахи» деп айтады. «Ахи» деген сөз жамағаттағы бауырлар деп қолданады.

«9. Қоғамдағы діни экстремизм идеяларды алдын-алу үшін қандай ой қосасыз?» деген сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі **604** – «әрбір жоғары оқу орындарда дінтану орталығы болу керек» деп белгілеген. 508 – «жастарға рухани сабақтастығы туралы көптеп ақпарат беру керек», 208 – «жоғары оқу орында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курс жүргізілу қажет», 167 – «ЖОО сайтына ғылыми-рухани танымдық мәліметтермен қамтамасыз ету қажет», 10 – «білмеймін» деп жауап берген. Сонымен қатар, кейбір студенттер әртүрлі өз пікірлерін жазған. *(Жастар арасында жай ғана жылына бір рет болсын опрос жасау керек қызығатын адам бәрібір қызығады тек бір ойым бір коридор жасау қажет дін туралы дұрыс мәліметтер жазылған. От дисциплин толку мало, надо проводить кураторский часы, на которых будут объяснять о толерантности, что у каждого есть свобода выбора в плане верить/не верить, никто не имеет права его переубеждать, заставлять, вынуждать. Должно быть четкое разделение между религией и правительством, а также информацию о религии должны нести грамотно и имеющие на то право и образование люди)*

«10. Студенттік топтарда діни-саяси насихат жүргізуге және діни рәсімдерді орындауға болмайтындығын білесіз бе?» деген сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі **1222** – «ия» десе, басқалары 242 – «бірінші рет естуім» және 126 – «жоқ» деп белгілеген. ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бабында 1) діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге; 2) қайырымдылық қызметті жүзеге асыруға; 3) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелуге, әзірлеуге, шығаруға, басып шығаруға және (немесе) таратуға болмайтындығы көрсетілген. Жеке тұлғаларға – елу, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Студенттерге дін саласын реттейтін заңдық нормаларды түсіндіріп, құқықтық сауаттылықтарын арттыру қажет.

«11. Қандай азаматтардың діни уағыздарың тыңдайсыз?» деген сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі **599** – «Арман Қуанышбаев» деп белгілеген. Сонымен қатар, 311 – «Қабылбек Әліпбайұлы», 74 – «Ерлан Ақатев», 44 – «Нұрсұлтан Рысмағанбетұлы», 43 – «Закир Найк», 28 – «Ерсін Әміре», 20 – «Қайрат Жолдыбай», 131 – «тыңдамаймын», 15 – «Абдулла Костекский», 26 – «Нұрлан имам», 9 – «Шамил Аляутдинов», 8 – «Дарын Мубаров», 18 – «Ділмұрад Махаматов (Дилмурод Абу Мухаммад)» және 154 студент әртүрлі өз пікірлерін жазғандарда бар. Бұл сұрақта қоғамдағы діни уағызды айтатын азаматтардың аты-жөндері берілген. Осы берілген діни уағызшылардың арасында ҚМДБ қарасты дәстүрлі бағыттағы ханафи мазхабына сәйкес, шетелдік уағызшылар және деструктивті діни ағымдардың экстремизмдік идеяны насихаттайтын діни уағызшылар қамтылған. Студенттердің көпшілігі ҚМДБ қарасты дәстүрлі бағыттағы ханафи мазхабына сәйкес Арман Қуанышбаев, Қабылбек Әліпбайұлы, Нұрсұлтан Рысмағанбетұлы, Ерсін Әміре, Нұрлан имам тұлғаларды дұрыс ретінде белгілеген. Сонымен қатар, кейбір студенттер өзге діни ұстанымдардың идеясын насихаттайтын діни уағызшыларды Ділмұрад Махаматов (Дилмурод Абу Мухаммад), Абдулла Костекский, Дарын Мубаровты белгілегендерде бар. Ханафи мазхабына қарам-қайшы келетін деструктивті діни ағымдардың уағыздарың тыңдауға, таратуға және олардың діни ұстанымдарын қолдауға болмайтындығы заң аясында қарастырылған. ҚР «Қылмыстық кодексі» және ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске» сәйкес жауапқа тартылады.

«12. Қай тұлғалардың кітаптарын жиі оқисыз және қандай діни сайттарға кіресіз?» деген сұраққа байланысты респонденттер тек өз пікірлерін жазу ретінде қарастырылған. Бұл сұрақтың жауаптарына назар аудара отырып, басым көпшілігі ешқандай діни сайттарға кірмейтіндігін және діни әдебиеттерді оқымайтындығын жазып өткен. Кейбір студенттер қазақ ағартушылардың (Абай Құнанбаев, Міржақып Дулатов, т.б.) еңбектерін атап өткен.

«13. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл», «Терроризмге қарсы іс-қимыл» заңдардың бар екенін білесіз бе?» деген сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі **1324** – «ия» десе, 164 – «бірінші рет естуім», 108 – «жоқ» деп белгілеген. Демек, студенттердің көпшілігі экстремизм мен терроризм туралы заңдық нормалардың бар екенін дұрыс деп белгілеген. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанда ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы, ҚР 2005 жылғы 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және ҚР 1999 жылғы 13 шілдеде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданған болатын. Жалпы діни экстремизм – діндегі шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерге берілгендік. Экстремизмнің зорлықпен, агрессиямен және шектен шыққан қаталдықпен сипатталатын белгілері көп. Мемлекеттік құрылысты күштеп өзгерту немесе билікті басып алу, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған діни мотивацияланған әрекет және осы мақсатта діни алауыздық пен өшпенділікті қоздыру болып табылады.

Жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастыру және халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтары негізінде тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы болып табылады.



Вопросы

Ответы

1 607

Настройки



ЖАСТАР және ДІН / МОЛОДЕЖЬ и РЕЛИГИЯ

Әлеуметтік жұмыс басқармасының әзірлеген сұрақтарға жауап беруіңізді сұрауымыз. Сіздің пікіріңіз құпия болып қалатынына кепілдік береміз. /

Просим Вас ответить на вопросы, разработанные управлением социальной работы. Мы гарантируем, что ваше мнение останется конфиденциальным.



2023-2024ж. Дін сауалнама (анкес)




Вопросы

Ответы

1 607

Настройки


1 596 ответов



- "Ұстаз" / "Устаз"
- "Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру" / "Водного хозяйства и га..."
- "Технологиялық" / "Технологический"
- "Ақпараттық технологиялар" / "Информационные технологии"
- "Экономика және құқық" / "Экономика и право"
- "Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымда..."
- "Өнер және Спорт" / "Искусство и С..."


КУРС

1 607 ответов




Ұлты / Национальность

1 607 ответов

 Копирс

Жынысы / Пол

1 607 ответов




- Ер / Мужской
- Қыз / Женский

Оқу тілі / Язык обучения

1 607 ответов

Копировать




- Қазақ тілі / Казахский язык
- Орыс тілі / Русский язык
- Ағылшын тілі / Английский язык
- Поляз
- смешанный русский и казахский и английский
- Үш тілді
- Полияз

1. Сіз өзіңізді қандай адамдарға жатқызасыз? / К каким людям вы относите себя?


 Копировать

1 607 ответов



2. Сіз қай дінді/конфессияны ұстанасыз? / Какую религию/конфессию вы исповедуете?

1 607 ответов



 Копировать

3. Егер сіз мұсылман болсаңыз, Исламдағы қай бағыт сізге жақын екенін айта аласыз ба? / Если вы мусульманин, можете ли вы сказать, какое направление в Исламе вам ближе всего?


1 607 ответов



 Копировать

4. Егер сіздің діни сезіміңізді ренжіткен болса, сіз қандай әрекет етесіз? / Как бы вы отреагировали, если бы ваши религиозные чувства были оскорблены?


1 607 ответов



 Копировать

5. Дулати университетінде діни жағдайды қалай сипаттайсыз? / Как вы описываете религиозную ситуацию в университете Дулати?

1 607 ответов




- діни жағдай бір қалыпты, ешқандай...
- діни жағдай тұрақсыз, теріс тенденц...
- жағдай тұрақты, бірақ болашақта на...
- жағдай қақтығыс алдында тұр / ситу...
- .
- Білмеймін
- -
- ?

▲ 1/6 ▼

 Копировать

6. Дулати университетінде «Дінтану негіздері» немесе «Рухани сабақтастық» курсы оқытуды қажет деп ойлайсыз ба? / Считаете ли вы необходимым преподавать курс «Основы религиоведения» или «Духовная преемственность» в университете Дулати?

1 607 ответов



- діни сауаттылық қалыптасады / фор...
- қажеті жоқ деп ойлаймын / не дума...
- деструктивті діни ағымдардан алыс...
- діни экстремизм көріністерін алдын...
- .
- Не знаю
- Жоқ
- О

▲ 1/8 ▼

[Копировать](#)

7. Сіз өзге дін өкілдеріне қалай қарайсыз? / Как вы относитесь к представителям других религий?

1 607 ответов



[Копировать](#)

8. Өзіңізге қажетті діни ақпараттарды қайдан аласыз? / Где вы получаете необходимую религиозную информацию?


1 607 ответов



9. Қоғамдағы діни экстремизмдік идеяларды алдын-алу үшін қандай ой қосасыз: / Как вы думаете, как предотвратить религиозный экстремизм в обществе:

[Копировать](#)

1 607 ответов




- өрбір жоғары оқу орындарда дінтан...
- жастарға рухани сабақтастығы тура...
- оқу орында «Зайырлылық және дінт...
- ЖОО сайтына ғылыми-рухани таны...
- .
- Не знаю
- -
- Ешқандай

▲ 1/11 ▼

10. Студенттік топтарда діни-саяси мазмұнда үгіт-насихат және діни рәсімдерді орындауға болмайтындығын білесіз бе / Знаете ли вы, что в студенческих группах нельзя проводить пропаганду религиозно-политического содержания и религиозные обряды ?

[Копировать](#)

1 607 ответов




- ия / да
- жоқ / нет
- бірінші рет естуім / первый раз слышу
- .
- -
- Білмеймін
- Ондай жұмыстар өте күрделі себебі...
- Не үшін?

▲ 1/3 ▼

11. Қандай азаматтардың діни уағыздарың тындайсыз? / Какие религиозные проповеди граждан вы слушаете?

[Копировать](#)

1 607 ответов



- Арман Қуанышбаев / Арман Қуаныш...
- Қабылбек Әліпбайұлы / Қабылбек А...
- Ерлан Ақатөв / Ерлан Ақатаев
- Закир Найк
- Ерсін Әміре / Ерсін Амире
- Қайрат Жолдыбай / Қайрат Жолдыбай
- Тыңдамаймын
- .

1/12 ▼


12. Қай тұлғалардың кітаптарын жиі оқисыз және қандай діни сайттарға кіресіз? / Какие книги лиц вы часто читаете и какие религиозные сайты посещаете?

1 607 ответов

13. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл», «Терроризмге қарсы іс-қимыл» заңдардың бар екенін білесіз бе? / Знаете ли вы, что в РК действуют законы «религиозная деятельность и религиозные объединения», «противодействие экстремизму», «противодействие терроризму»?

[Копировать](#)

1 607 ответов



- ия / да
- жоқ / нет
- бірінші рет естүім / первый раз слышу
- .
- Это хорошо, религиозная грамотнос...
- Әрине менің осы бағыт бойынша жұ...
- ?
- Так точно

1/2 ▼